Бекітемін
ШҚО қаржы басқармасының
басшысы
_____ Большакова С.В.
2026 жыл 7 наурыз

ЖОСПАР

ШҚО қаржы басқармасы қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша

№ р/б	Тәуекел индикаторы/сыбайлас жемқорлық тәуекелінің сипаттамасы	Іс-шара	Аяқтау пішіні	Жауапты орындаушылар	Аяқталу мерзімі
	Бірінші бағыт - Басқарманың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау				
1	***Бағыт: дискрециялық өкілеттіктердің ауқымы*** ***Индикатор: Лауазымды тұлғалардың шешім қабылдауына немесе өзге де әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруына негіз болатын жайттардың болмауы немесе оларға қатысты айқындықтың жетіспеушілігі.***				
1.1	Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 108 бұйрығымен бекітілген Нұсқаулық бюджеттік бағдарламалардың қазіргі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмейді; автоматтандырылған салыстырып тексерудің болмауы штат саны мен бағдарламаның нәтижелілік көрсеткіштері арасындағы байланыстың мониторингін қиындатады, бұл деректерді жасыру, өзгерту немесе жоғалту мүмкіндіктерін тудырады және бюджеттік процестің барлық кезеңінде шоғырландырылған есептілікті қасақана бұрмалау қаупін туындатады.	Ескіруіне және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруына байланысты № 108-нұсқаулықтың күшін жою немесе деректерді жинауды автоматтандыруды көздеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне хат дайындау.	хат	Шахметова А.С.	31.10.2026 ж. дейін
	Екінші бағыт - Басқарманың ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау				
2	***Бағыт: ұйымдық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер*** ***Индикатор: талдау объектісінің қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды қамтиды***				

2.1	Қызметкерлердің жеке істеріндегі мәліметтерге талдау жүргізу кезінде жақын туыстары болып табылатын екі мемлекеттік қызметшінің басқармада жұмыс істеу фактісі анықталды. Қызметкерлер қиылыспайтын функцияларды жүзеге асыратын әртүрлі құрылымдық бөлімшелерде жұмыс істейді және өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өзара іс-қимыл жасамайды, мүдделер қақтығысы болмайды. Барлық мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық нұсқаулықтарында туындаған мүдделер қақтығысы немесе оның туындау мүмкіндігі туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда хабарлау міндеті туралы норма бар. Мүдделер қақтығысының туындауы мәселелері бойынша басшылыққа жазбаша өтініштер болған жоқ, бұзушылықтар анықталған жоқ.	Қаржы басқармасы құрылымы өзгерген және басқарма ішінде туыстық байланысы бар қызметкерлерді ауыстыру кезінде кадрлық тағайындау мәселелерін тұрақты бақылауға алуы қажет	бақылау	Нуралдина А.К.	үнемі